

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 маусымдағы N 882 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 1 қараша N 1653

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 маусымдағы N 882 P000882_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а ғы :

"Ертіс-Қарағанды каналын пайдалану жөніндегі" деген сөздер "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"ЕҚКПЖ" РМК" деген сөздер "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" РМК" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынадай абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан темір жолы" РМК" көмір жеткізу үшін жылжымалы темір жол

составын іркіліссіз беріп тұруды қамтамасыз етсін";

4-тармақтың бесінші жолындағы "2000 жылғы 1 маусым - 31 қазан кезеңіне" деген сөздер "2000 жылғы 1 маусым - 31 желтоқсан кезеңіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай абзацпен толықтырылсын:

"Қарағанды облысының әкімі "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" РМК-на көмір жіберу жөнінде нақты көмек көрсетсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК